

**«әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректорының
2021 жылғы «21» желтоқсандағы
№575 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ
(Ректордың 2022 жылғы «22»
қарашадағы №591 бұйрығымен
өзгерістер енгізілді)**

**«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі магистрлік
диссертациялар/жобалардың ғылыми жетекшілеріне қойылатын
біліктілік талаптары туралы»
РЕГЛАМЕНТІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Регламент «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі магистрлік диссертациялардың/жобалардың ғылыми жетекшілеріне қойылатын біліктілік талаптары туралы» (бұдан әрі-Регламент) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына; Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес әзірленген.

1.2. Регламентте пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

магистрлік диссертация – магистранттың таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және (немесе) практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылымның қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы.

магистрлік жоба – бейінді магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемаларының қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және(немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы;

1.3. Білім алушылардың жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын меңгеруі жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми жетекшінің басшылығымен жүзеге асырылады.

1.4. Магистранттардың ғылыми жетекшілері университет ректорының бұйрығымен факультеттердің ғылыми кеңестерінің қолдаухаттары бойынша оқудың алғашқы екі айы ішінде бекітіледі.

1.5. Ғылыми жетекшінің жұмысы педагогикалық жүктемеге кіреді және белгіленген нормативтерге сәйкес төленеді.

2. Магистрлік диссертациялар / жобалар жетекшілеріне қойылатын талаптар

2.1. Магистранттың ғылыми жетекшісінде магистратура білім беру бағдарламасына сәйкес келетін «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар болуы тиіс.

2.2. Ғылыми жетекші білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдардың тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде 5 ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болуы керек.

3. Ғылыми жетекшінің міндеттері

3.1. Магистранттардың ғылыми жетекшілері магистранттардың жеке жұмыс жоспарларын әзірлеуге және бекітуге қатысады, оларды ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмыстарын бағыттайды және білім алушылардың жеке жұмыс жоспарында көзделген барлық жұмыс түрлерін уақытылы, сапалы орындауына жауапты болады.

3.2. Ғылыми жетекшілер кеңес беру кестесін белгілейді, оны жүргізу кезінде магистранттың жеке жұмыс жоспарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

3.3. Ғылыми жетекшілер жылына кемінде екі рет білім алушының даярлығына бағалау жүргізеді, қажет болған жағдайда оның жеке жұмыс жоспарына түзетулер енгізеді және тиісті ақпаратты бітіруші кафедралардың, факультет деканатының назарына жеткізеді.

3.4. Магистранттардың ғылыми жетекшілері жылына кемінде екі рет бітіртуші кафедра отырысында білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау және жеке оқу жоспарының орындалу барысы туралы есеп береді.

3.5. Ғылыми жетекшілер магистрлік диссертацияның/жобаның орындалуын және академиялық адалдық қағидаларының сақталуын және диссертациялық жұмыстың қорғауға уақытылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

4. Ғылыми жетекшілерді тағайындау және ауыстыру тәртібі

4.1. Магистранттардың ғылыми жетекшілері факультеттердің ғылыми кеңестерінің қолдаухаттары бойынша университет ректорының бұйрығымен оқудың алғашқы екі айдың ішінде бекітіледі.

4.2. Қажет болған жағдайда білім алушыларға ғылымның аралас салалары бойынша консультанттар тағайындалуы мүмкін. Ғылымның аралас салалары бойынша консультанттарды тағайындау білім алушылардың магистратураның білім беру бағдарламасын меңгеруінің кез келген кезеңінде жүзеге асырылуы мүмкін.

4.3. Білім алушылардың ғылыми жетекшілерінің кандидатураларын Ғылыми кеңестің қарауына уақтылы ұсыну және ғылыми жетекшілердің регламент талаптарына сәйкестігі үшін магистранттарды даярлаудан өтетін бітіруші кафедралардың меңгерушілері жауапты болады.

4.4. Магистранттың ғылыми жетекшісін ауыстыру, ғылымның аралас салалары бойынша консультанттарды тағайындау және т.б. туралы шешімдерді шығарушы кафедраның ұсынысы және факультеттің Ғылыми кеңесінің қолдаухаты бойынша университеттің Ғылыми кеңесі қабылдайды. Форс-мажорлық жағдайларды ескермегенде, ғылыми жетекшіні себепсіз ауыстыруға жол берілмейді.